

**Согласие на сбор и обработку
персональных данных**

1. Я _____ (ФИО заемщика), ИИН _____, с целью получения мной микрокредита, а так же его дальнейшего обслуживания, в случае заключения со мной договора о предоставлении микрокредита, предоставляю ТОО «МФО «BEECLEVER» (далее - МФО), БИН 240240002001 свое согласие на обработку всех моих персональных и биометрических данных, перечисленных ниже, в соответствии с законодательством Республики Казахстан о персональных данных, которая включает совершение любого действия (операции) или совокупности действий (операций) с использованием средств автоматизации или без использования таких средств с моими персональными данными, включая сбор, запись, систематизацию, накопление, хранение, уточнение (обновление, изменение), извлечение, использование, передачу (распространение, предоставление, доступ) третьим лицам (в том числе юридическим лицам), которые по мнению МФО могут быть задействованы в предоставлении мне микрокредита и (или) его дальнейшего обслуживания и (или) взыскания, а так же АО «Кселл», ТОО «Кар-Тел», ТОО «Мобайл Телеком-Сервис» и иным операторам мобильной связи, с целью предоставления ими МФО верификационных данных, а так же на трансграничную передачу.

2. Перечень персональных данных, на сбор, обработку и хранение которых дается согласие: данные, которые Заемщик самостоятельно предоставляет МФО в том числе при регистрации на Сайте МФО (при заполнении настоящей Анкеты), в том числе: фамилии, имени, отчества; пола; даты и места рождения; реквизитов удостоверения личности; ИИН, места проживания и на каком основании (договор найма или нахождение жилого помещения в собственности), семейного положения,

**Дербес деректерді жинауға
және өңдеуге келісім**

1. Мен _____ (Қарыз алушының ТАӘ), ЖСН _____ маған микрокредит беру, сондай-ақ оған одан әрі қызмет көрсету мақсатында, менімен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жағдайда, «МФО «BEECLEVER» ЖШС-ға (Бұдан әрі - МҚҰ), БСН 240240002001 Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасына сәйкес төменде санамаланған менің барлық дербес және биометриялық деректерімді өңдеуге өз келісімімді беремін, оған жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жанарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, беруді (тарату, ұсыну, қол жеткізу), оның ішінде МҚҰның пікірінше, маған микрокредит беру және (немесе) оған одан әрі қызмет көрсету және (немесе) өндіріп алу процесіне тартылуы мүмкін үшінші тұлғаларға (оның ішінде заңды тұлғаларға) беруді, сондай-ақ "Кселл" АҚ, "Кар-Тел" ЖШС, "Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС және басқаларына ұялы байланыс операторларына МҚҰ-ға верификациялық деректерді беру мақсатында, сондай-ақ трансшекаралық беруді қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай кез келген іс-әрекетті (операцияны) немесе іс-әрекеттер (операциялар) жиынтығын жасау кіреді.

2. Жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім берілетін дербес деректердің тізбесі: Қарыз алушы МҚҰ өз бетінше, оның ішінде МҚҰ Сайтында тіркелу кезінде (осы Сауалнаманы толтыру кезінде) ұсынатын деректер, оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты; жынысы; туған күні мен жері; жеке куәліктің деректемелері; ЖСН, тұрғылықты мекенжайы және қандай негізде тұрып жатқаны (жалға алу шарты немесе тұрғын үй-жайдың меншігінде болуы), отбасы жағдайы, балалар саны, меншігінде көлік құралының болуы, көлік

количества детей, наличия в собственности транспортного средства, регистрационного номера транспортного средства (в случае его наличия); уровне образования; виде занятости; размере месячного дохода; даты следующей зарплаты; регионе проживания; адресе фактического проживания; адресе регистрации; времени проживания по текущему адресу; номере телефона; номере домашнего телефона, включая контактных лиц (в случае представления); номере рабочего телефона (при наличии); электронной почты, данные которые будут получены МФО от третьих лиц на основании согласия предоставленного мной, биометрические данные: фотография.

3. Персональные данные субъекта подлежат хранению в течение сроков, установленных законодательством. Персональные данные уничтожаются по достижению целей обработки персональных данных; при ликвидации или реорганизации МФО, в случае отсутствия правопреемника, которому переходят права и обязанности МФО; на основании письменного обращения субъекта персональных данных с требованием о прекращении обработки его персональных данных, в случае, если Договор о предоставлении микрокредита не был заключен, а в случае заключения Договора о предоставлении микрокредита по основаниям, перечисленным в Договоре.

4. Настоящим, я так же подтверждаю, что уведомлен(-а) МФО о защите персональных данных субъекта МФО в режиме аналогичном режиму защиты информации, составляющей тайну предоставления микрокредита, если иные требования не установлены законодательством Республики Казахстан; в случае, если в результате заключения соответствующих договоров, заключенных между субъектом (лицом представителем которого является субъект) и МФО, предусмотрена/будет предусмотрена передача МФО по открытым каналам

құралының тіркеу нөмірі (ол болған жағдайда); білім деңгейі; жұмыспен қамтылу түрі; айлық табыс мөлшері; келесі жалақы күні; тұратын аймағы; нақты тұратын мекенжайы; тіркелген мекенжайы; ағымдағы мекенжайы бойынша тұрған уақыты; телефон нөмірі; байланысатын адамдарды қоса алғанда (ұсынылған жағдайда), үй телефонының нөмірі; жұмыс телефонының нөмірі (бар болса); электрондық пошта, берген келісімімнің негізінде үшінші тұлғалардан МҚҰ алатын деректері, биометриялық деректер: фотосурет.

3. Субъектінің дербес деректері заңнамада белгіленген мерзім ішінде сақталуға жатады. Дербес деректер дербес деректерді өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін; МҚҰ таратылған немесе қайта ұйымдастырылған кезде, МҚҰ құқықтары мен міндеттері ауысатын құқықтық мирасқор болмаған жағдайда; дербес деректер субъектісінің Микрокредит беру туралы шарт жасалмаған жағдайда оның дербес деректерін өңдеуді тоқтату туралы талаппен жазбаша өтініші негізінде жойылады, ал Микрокредит беру туралы шарт жасалған жағдайда, Шартта санамаланған негіздер бойынша жүзеге асырылады.

4. Осы арқылы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге талаптар белгіленбесе, микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратты қорғау режиміне ұқсас режимде МҚҰ субъектісінің дербес деректерін қорғау туралы МҚҰ хабардар етілгенімді растаймын; егер субъект (өкілі субъект болып табылатын тұлға) пен МҚҰ арасында жасалған тиісті шарттарды жасасу нәтижесінде менің дербес деректерімді ашық байланыс арналары арқылы МҚҰ беру (трансшекаралық беруді қоса алғанда) көзделген/көзделетін болса, мен үшінші тұлғалардың рұқсатсыз ақпарат

связи моих персональных данных (включая трансграничную передачу), я осознаю риск несанкционированного получения информации третьими лицами и принимаю на себя такой риск.

5. Настоящее согласие может быть предоставлено третьим лицам в качестве доказательства о том, что согласие на сбор и обработку персональных данных субъекта было предоставлено мной.

6. Заемщик соглашается на использование его персональных данных в целях заключения с ним настоящего Договора о предоставлении микрокредита и дальнейшего его обслуживания либо отказа в предоставлении ему Микрокредита, а также для последующего взыскания в судебном либо досудебном порядке денег в случае нарушения Заемщиком своих обязательств по Договору.

Заемщик дает свое согласие МФО на использование всех его персональных данных до момента полного надлежащего исполнения им своих обязательств по Договору о предоставлении микрокредита. Заемщик уведомлен о возможности отзыва согласия на использование его персональных данных путем направления заявления МФО в простой письменной форме. При этом согласен, что МФО имеет право продолжить обработку персональных данных после получения от Заемщика заявления об отзыве согласия на сбор и обработку персональных данных:

- до момента завершения оказания соответствующей (-го) услуги /операции /платежа;
- исполнения Договора о предоставлении микрокредита;
- если продолжение обработки персональных данных обусловлено требованиями применимого законодательства (в таком случае обработка персональных данных осуществляется в пределах, необходимых для выполнения требований законодательства), внутренними документами МФО.

«__» _____ 20__ г.

Подпись (СМС шифр)

алу тәуекелін түсінемін және осындай тәуекелді өз мойныма аламын.

5. Осы келісім үшінші тұлғаларға субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімді менің бергенімнің дәлелі ретінде ұсынылуы мүмкін.

6. Қарыз алушы оның дербес деректерін онымен осы Шартты жасау немесе оған Шағын кредит беруден бас тарту мақсатында пайдалануға, сондай-ақ Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемесін бұзған жағдайда кейіннен сот немесе соттан тыс тәртіпте өндіріп алу мақсатында пайдалануға келіседі.

Қарыз алушы МҚҰ оның дербес деректерін ол осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін пайдалануға өз келісімін береді. Қарыз алушы МҚҰ қарапайым жазбаша түрде өтініш жолдау жолымен оның дербес деректерін пайдалануға келісімін кері шақыртып алу мүмкіндігі туралы хабардар етілді.

Бұл ретте МҚҰ Қарыз алушыдан өзінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге келісімін қайта шақыртып алу туралы өтініш алғаннан кейін оның дербес деректерін өңдеуге құқылы екеніне келіседі:

- тиісті қызмет/операция/төлем жасау аяқталған сәтке дейін;
- Шарт орындалғанға дейін;
- егер дербес деректерді өңдеу қолданыстағы заңнама (бұл жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шекте жүзеге асырылады), Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарынан туындаған болса.

«__» _____ 20__ ж.

Қолы (СМС шифрі)

